

2021 жылдың 2 наурызында, Қарағанды техникалық университеті, Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к., Аширбекова Анар Бокеновна, ОП-20-2 топ студенттерімен «Болашақтың өздігінен басқарылатын көлігі» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағатына жол-көлік факультетінің деканы Б.К. Курмашева, жол-көлік факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамы, барлығы 25 адам қатысты.

Шеберлік-сағатының мақсаты: өздігінен басқарылатын автокөліктерді қолданудың болашағын талдау.

Шеберлік-сағатының міндеттері:

- * өздігінен басқарылатын автокөліктердің шығу тарихына шолу жасау;
- * өздігінен басқарылатын көліктердің басқа көліктерден айырмашылығын табу;
- * өздігінен басқарылатын көліктердің болашақта қолданысын анықтау.

Қазіргі заманауи уақытта жана, жарқын идеялар мен технологиялардың жарыққа шығуына куә болудамыз. Сондай өзіндік ерекшеліктеріне ие болашағы зор, көпшілік пайдаланатын технологияның бірі – болашақтың өздігінен басқарылатын автокөлігі.

Шеберлік сағатында аталмыш технологияның шығу, қалыптасу себептері мен мақсаттарына, жалпы адамзатқа пайдасы, жетістіктері және кемшіліктері жайында сөз болды.

Шеберлік - сағаты барысында студенттер болашақтың өздігінен басқарылатын автокөлігі туралы көптеген ақпараттармен танысты. Олар өздігінен басқарылатын көліктің шығу тарихы, дамуы, болашақтағы жетістіктері мен кемшіліктері туралы ақпараттанды. Сонымен қатар, олар өздігінен басқарылатын көліктердің: тұтынушылық, өнеркәсіптік және әскери болып бөлінетінімен танысты. Болашақта біздің мамандығымыз жүргізушісіз автокөліктермен тікелей байланысты болғандықтан, алған ақпараттар осы салада білікті маман болуға көмектеседі деген ойдамыз.

